

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

Философия және Саясаттану факультеті

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы



Хаттама № 1 " 05 " 09. 2023 ж.

ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

Psi 1103 «Психология»

(пәннің аты)

Мамандықтар: «6В10101 Мейіргер ісі», «6В010102 Фармация» білім беру бағдарламалары

2023-2024 оқу жылы


Курс 1  
Семестр көктемгі  
Кредит саны 2

Алматы 2024 ж.

ПОӘК «6В10101 Мейіргер ісі», «6В010102 Фармация» білім беру бағдарламалары бойынша дайындаған жалпы және қолданбалы психология кафедрасының PhD, доцент м.а. Борбасова Г.Н.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

« 06 » 06 2023 ж., хаттама №14

Кафедра менгерушісі  Мынбаева А.К.

## АЛҒЫ СӨЗ

**Курстың қысқаша сипаттамасы.** Рухани жаңғыру бағдарламасы негізінде психология ғылымы аясында адами коммуникация ерекшеліктері мен индивидуалды сананы дамытуға және қоғамдық сананы модернизациялауға бағытталған тұлғааралық қарым-қатынастың анықтаушы рөлінің танымдық негізін қалыптастырады.

**Курстың мақсаты:** Мінез-құлық моделдерін талдау барысында әлеуметтік интеллект пен имидж түсініктерін негіздеуге бағытталған бағдарлама құрастыру үшін психодиагностикалық әдістер мен психотехнологияларды қолдану арқылы ұлттық сананы дамыту контексіндегі тұлғаның мотивациялық және эмоциялық әлемі, құндылықтар жүйесі туралы теориялық білім негіздерін қалыптастыру.

**Курстың міндеттері:** студенттерді психологиялық білімдер негізінде ғылыми және кәсіби іс-әрекетке психологиялық дайындау; психологияны зерттеуге және өзіндік танымға мотивация қалыптастыру; қазіргі психологиядағы адам туралы жүйелік түсініктермен таныстыру; психологиялық ақпарат алудың негізгі көздері мен әдістерін игеру; психологиялық білімдер негізінде сәтті өзара әрекетті дамытатын қажетті іскерлігін дамыту, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін меңгеру дағдыларын дамыту.

**Пререквизиттер:** Мамандыққа кіріспе, Философия, Әлеуметтану

**Постреквизиттер:** Тұлға психологиясы және басқа ғылымдардың базалық курстары

### Студенттің негізгі құзіреттілігінің формалары:

**Жалпы құзырет:** когнитивті: тұлғааралық коммуникацияның психологиялық ерекшеліктері жайлы базалық түсініктерін қазақ (орыс) және шетел тілдерінің бірінде тұрмыстық, ғылыми және кәсіби сферада пайдалану мен көрсете білу; **функционалды:** психология, тұлға психологиясы, тұлғааралық коммуникация психологиясы берген білімдер негізінде өзіне қатынас, өзін қабылдау арқылы тұлғаның қатынастар жүйесін, мінез-құлық мәдениетін құруды кәсіби салада және өз өмірінде қолдана алу шеберлігін дамыту; **жүйелік:** білімдерді практикада қолдануда өз ойын, әрекетін басқарау алу, жоспарлай білу, тың ұсыныстар айта білу; сәттілікке ұмтылу, тапсырмаларды орындауда зерттеушілік дағдыларын көрсете білу, эсселер, реферат, презентацияларды жасай алуға дайын және икемді болу; **мета құзыреттілік:** әлеуметтік және жеке өз өмірінде, кәсіби іс-әрекетінде тұлғааралық қарым-қатынастың психологиялық аспектілерін түсінуге қабілетті болуды ұғыну, тәуелсіз болуға ұмтылу, рефлексияға қабілеттілік, жетістіктерді дұрыс бағалай алуға, жағдайларды адекватты талдауға үйрену; **әлеуметтік (мінез-құлықтық) құзырет:** психологияның фундаменталды жағдайларын, қатынастар жүйесін реттеуге, қарым-қатынаста рационалды болу, конфликтінің алды алу, әлеуметтік сезім мен жауапкершілікті ұғынуға қабілетті болу, командада жұмыс жасай алу, адами қатынас мәселесін шеше алу, сол мәселені тұжырымдай алу, қорытынды жасау, негіздей алу, өз көз қарасында тұру, оппоненттерді сендіре алу, сенімді қатынас жасай алу ептілігін меңгеру.

### Студент мыналарды білуі қажет:

- психология ғылымы негізінде адамның психологиясын (ауызша және жазбаша формада) түсіндіру, талдау, өткізу және жобалай алуды көрсете алуға;

- психологиялық білімдерді практикада қолдануда өз ойын, әрекетін басқарау алу, жоспарлай білу, тың ұсыныстар айта білу; сәттілікке ұмтылу, тапсырмаларды орындауда зерттеушілік дағдыларын көрсете білуі;

**Студент мыналарды меңгеруі қажет:** ғылыми әдебиеттер мен білімінің қайнар көздерін оқу үшін қажетті ізденіс; білімдерді талдау, тәжірибеде тексеру іс-әрекетін; әртүрлі қатынас жүйесінің психологиялық аспектілерін кәсіби зерттеулерде, кәсіби іс-әрекетте және жеке өмірінде қолдана алу тиімділігін арттыруда өз бетінше логикалық түрде жүйелеуді, талдауды, қорытындылауды, эссе, тезистер мен баяндамаларды кәсіби деңгейде жаза алуды, ақпараттық технологияларды кеңінен білуді және өз уақытын тиімді басқара алуды меңгеруі қажет.